

«6D030100-Күкыктану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сабыр Айсұлұ Сабырқызының «Отандық су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

### СЫН-ШҚІРҮ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының <u>Үкіметі</u> жанындағы <u>Жоғары ғылыми-техникалық комиссия</u> бекіткен <u>ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» көрініс тапқан Жоғары ғылыми техникалық комиссияның 2023 – 2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Сонымен қатар диссертациялық жұмыс «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыттарының бірі «Су ресурстарына қатысты саясатына» да сәйкес келеді.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыста көрініс тапқан ғылыми нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар құқық ғылымына қосар үлесі елеулі болып табылады. Бүгінгі таңда су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың кең таралуына және оларды алдын алу мәселесінің өзектілігіне байланысты осы тақырыпта диссертациялық жұмысты жүргізу өзекті болып табылады және қажеттілігі артуда. Диссертациялық жұмыс қылмыстық құқық, кримнология, экологиялық құқық және су құқығы сияқты ғылым салаларына елеулі үлес қосады. Сонымен қатар олардың маңыздылығы диссертантпен жұмыс мазмұнында толық ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық зерттеудің өзі жазу деңгейі жоғары және тәуелсіз зерттеу болып табылады. Диссертациялық жұмыс тиісті ғылыми әдебиеттерді, нормативтік-құқықтық базаны, Қазақстан Республикасының мемлекеттік даму бағдарламаларын, сондай-ақ зерттеуге саладағы сарапшыларды жалпылау мен талдаудың әртүрлі көздерін талдауға негізделген. Ұсынылған жұмыс еліміздегі су ресурстарын пайдаланумен

			<p>байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу проблемаларын жалпы теориялық кешенді ғылыми зерттеу болып табылады. Ұсынылған жұмыс жалпы теориялық кешенді ғылыми зерттеу болып табылады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  1) негізделген;  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертация тақырыбының өзектілігі күмен тудырмайды, өйткені автор жүргізген зерттеу су ресурстарын пайдалану бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу саласында бірқатар шешілмеген теориялық және құқық қолдану мәселелерінің бар екендігін көрсетеді. Отандық ғылыми әдебиеттерде қылмыстық және су құқығы призмасы арқылы су ресурстарын пайдалану кезінде туындайтын қылмыстарды алдын алу институтының кешенді зерттеулері жоқ. Ғылыми зерттеудің тақырыбы заманауи өзекті тақырыптардың бірі екендігі сөзсіз. Еліміздегі суды ысырап ету, лақтау проблемаларын жою, олармен тиімді күрес жүргізу мемлекет алдында тұрған қазіргі таңдағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Сонымен қатар диссертантпен қозғалып отырған проблема бұған дейінгі жүргізілген бірде</p>

		<p>бір ғылыми зерттеулердің пәні болып табылмағандығын ескерсек, бұл зерттеудің тақырыбының қазіргі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі екендігіне көз жеткізуге болды және диссертант өзінің зерттеу тақырыбының өзектілігін толық негіздей алған.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің мазмұны таңдалған диссертация тақырыбын толығымен ашып айқындаған. Осы жұмысқа сыни пікір қалыптастыру барысында жұмыстың мазмұны таңдалған диссертация тақырыбын толығымен ашатындығына көз жеткіздік.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертантпен зерттеу жүргізудегі алға қойған мақсаты және ол мақсатқа қол жеткізу үшін жүктелетін міндеттері диссертациялық зерттеуінің тақырыбына толық сәйкес келеді.</p> <p>Автордың осы зерттеуді жүргізудегі басты мақсаты су ресурстарын пайдалану аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес жүргізуде орын алатын проблемаларды кешенді түрде зерттей отырып, аталған қылмыс құрамдарын белгілейтін қылмыстық құқықтық нормаларды жетілдіру бойынша және аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша</p>

	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>негізделген ұсыныстар жасау болып табылады.</p> <p>Диссертацияның құрылымымен қалыптастыратын барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан және автормен алға қойылған зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді, диссертация тақырыбын дәйекті түрде ашады. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, тоғыз тараушаны біріктіретін үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертация отандық және шетелдік ғалымдардың су ресурстарын пайдалану бойынша пайдаланумен байланысты қылмыстық қуқық бұзушылықтарды алдын алудың белгілі теориялары мен тұжырымдамаларын толық көлемде қарастырды, диссертациялық зерттеудің тандалған тақырыбын заңнамалық реттеудің халықаралық тәжірибесі мен отандық тәжірибесі талдау ретінде алынды. Автор ұсынған жана шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, сыни, кешенді талдау бар.</p>

<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертантпен алынған Ғылыми нәтижелер мен қағидағтардың ғылыми жаналығы су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың тетіктерін жетілдіруге байланысты әдіснамалық және ғылыми-тәжірибелік мәселелер кешенін белгілеуде, теориялық негіздеуде және тәжірибелік шешімін беруде көрініс табады.</p> <p>Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар толығымен жаңа болып табылады, өйткені диссертациялық жұмыста су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы негізгі келеді мәселелерін негіздейтін авторлық көзқарас шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерттеу негізінде алынды.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жүргізу барысында диссертантпен алынған ғылыми қорытындыларының барлығы жаңа, өйткені су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес жүргізуде қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңының,</p>
--------------------------------------	--	--

		<p>ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысының нормаларының мәтінін өзгертетін жаңа мәтін ұсынылып отыр. Сонымен қатар автордың бұл еңбегі Республика аумағындағы ең алғашқы ғылыми ізденістердің бірі, сондықтан да автормен алынған ғылыми қорытындыларының барлығы жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертациядағы ғылыми нәтижелер, тұжырымдар мен ұсыныстар толығымен жаңа және негізделген. Бұл ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптардың сақталуымен расталады, зерттеудің жалпы ғылыми әдістерін қолдану, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен тәжірибесіне үлкен үлес қосқан шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін пайдалану, негізгі ережелерді жариялау арқылы анықталады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> <p>Диссертантпен жасалған барлық қорытындылар теориялық негізделген, негізгі мәліметтер әртүрлі құқықтық әдебиет көздерінен алынып расталған. Әрбір ғылыми қорытындының негізділігі осы сұрақтар бойынша қылмыстық құқық және кримнология бойынша</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>

		<p>әлебиеттерді, арнайы және құқықтық әлебиеттерді зерделеп, жан-жақты және терең талдау негізінде анықталды.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар</p>	<p>Әр кандидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Қағидағ 1. Қылмыстық заңнамада экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық ұғымының нақтыланбауы салдарынан қылмыстық іс-әрекеттерді сараптауда туындайтын қиындықтарды ескере келе мынадай түсінік беруді ұсынамыз: «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық деп, кінәлінің қоршаған ортаны қорғау тәртібіне және экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын, қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған айыпты жасалған, немесе қоғамға қауіпті іс-әрекетті (әрекет не әрекетсіздік) айтамыз».</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденген.</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 жаңа</p> <p>7.4 Колдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Мақалағарда дәлелденген.</p>





			<p>2) Ластаумен байланысты: ҚР ҚК-нің 328-бабы; 330-бабы.</p> <p>3) Экономикалық қызмет көрсету, құрылыс жүргізу, эксплуатациялау, зерттеу жұмыстарын жүргізуге байланысты: ҚР ҚК-нің 214-бабы; 215-бабы; 216-бабы; 218-бабы; 219-бап; 221-бабы; 238-бабы; 240-бабы; 244-бабы; 245-бабы; 248-бабы; 331-бабының 2-тармағы; 354-бабы.</p> <p>Бұл топтастырулар су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды объектісі және объективтік жағы бойынша дұрыс саралауға мүмкіндік береді.</p> <p><i>7.1 Қағидат дәлелденген.</i></p> <p><i>7.2 жоқ</i></p> <p><i>7.3 жаңа</i></p> <p><i>7.4 Қолдану деңгейі кең.</i></p> <p><i>7.5 Мақалаларда дәлелденген.</i></p> <p>Қағидат 3. Су қылмыстық құқық бұзушылықтары деп, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір тобын құрайтын, кінәлінің қылмыстық жазалану қаупі бар, су объектілерін пайдалану мен қорғау және су объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қылмыстық заңмен</p>
--	--	--	--

		<p>қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғатын, қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы залал келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған айыпты жасалған немесе қоғамға қауіпті іс-әрекеттерін (әрекетін не әрекетсіздігін) айтамыз.</p> <p><i>7.1 Қағида дәлелденген.</i></p> <p><i>7.2 жоқ</i></p> <p><i>7.3 жаңа</i></p> <p><i>7.4 Қолдану деңгейі кең.</i></p> <p><i>7.5 Мақалаларда дәлелденген.</i></p> <p>Қағидаг 4. ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 НҚ-ның 18)-тармақшасы бойынша «қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру» ретінде «адамдардың жаппай сырқаттану», ал ҚР ҚК-нің 328-бабының 3-тармағының ережелеріне сәйкес «адамдардың жаппай сырқаттануы» қоршаған ортаға аса ірі экологиялық залалмен бір қатарында қарастырылған. Сондықтан да аталған қайшылықты жою үшін НҚ-ның 18)-тарм. 1-абз. мәтініндегі «қоршаған ортаға елеулі экологиялық залал» ұғымындағы</p>
--	--	--

			<p>«адамдардың жаппай ауруы» сөзтіркесін алып тастап, 3-абзацқа енгізу қажетті.</p> <p>Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінде (ЖК-нің 324-бабының екінші бөлігі, 325, 326, 328-баптарының үшінші бөлігі, 329, 330, 332, 333-баптарының екінші бөлігі, 343-бабының үшінші бөлігі) орын алатын қоғамға қауіпті салдары ретінде адамдардың жаппай сырқаттануы ретінде екі немесе одан да көп адамдардың уақытша еңбек қабілетінен айырылуын түсіну қажет».</p> <p><i>7.1 Қағидат дәлелденген.</i></p> <p><i>7.2 жоқ</i></p> <p><i>7.3 жаңа</i></p> <p><i>7.4 Қолдану деңгейі кең.</i></p> <p><i>7.5 Мақалаларда дәлелденген.</i></p> <p>Қағидат 5. ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 НК-ның 20-тармақшасы келесідей мәтінде көрсетілуі керек деп есептейміз:</p> <p>«20. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінің (ЖК-нің 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333-баптары, 343-бабының екінші бөлігі) қоғамға қауіпті міндетті салдары ретінде адамның денсаулығына зиян келтіруді</p>
--	--	--	---

			<p>адамның денсаулығына ауырлығы орташа, ауыр зиян келтіру деп түсіну қажет.</p> <p>7.1 Қазіргі дәлелденген.</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген.</p> <p>Қағида 6. Су ресурстарына келген шығындардың өтелуін сот өндірісінде қамтамасыз ету мақсатында «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 нормативтік қаулысының 22-тармағын төмендегідей мәтінде толықтыруды ұсынамыз:</p> <p>«22. ... Экологиялық заңнаманы бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың салдарынан келтірілген материалдық шығындардың орнын толтыру туралы талаптарды сот тиісті талап қойылған жағдайда шешеді. Сот барлық қылмыстық істер бойынша бұл қойылған талапқа қатысты іс жүргізуде қаралуды мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Талап</p>
--	--	--	--

		<p>өндірісте қаралған жағдайда шығындарды өтеуге қатысты сот шешімі сот үкімінде орын алуы тиіс».</p> <p><i>7.1 Қағидап дәлелденген.</i></p> <p><i>7.2 жоқ</i></p> <p><i>7.3 жоқ</i></p> <p><i>7.4 Қолдану деңгейі кең.</i></p> <p><i>7.5 Мақалаларда дәлелденген.</i></p> <p>Қағидап 7. ҚР ҚК-нің 328-бабын мына мәтінде өзгертулер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз:</p> <p><b>«328-бап. Суларды ластау, кокыстау немесе сарку</b></p> <p>1. Жербеті немесе жерасты суларын, мұздықтарды, ауыз сумен жабдықтау көздерін ластау, кокыстау, сарку не олардын табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту, егер суларға немесе қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіруге әкеп сокса немесе әкеп соғуы мүмкін болса –</p> <p>...</p> <p>2. Қоршаған ортаға ірі залал келтірген не келтіру қатерін тудызған, немесе <u>адамның денсаулығына зиян келтірген</u>, сол сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не төгенше экологиялық ахуал аумақтарында жасалған дәл сол іс-әрекеттер – ... жазаланады.</p>
--	--	--

		<p>3.....</p> <p>7.1 Қағидам дәлелденген.</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген.</p> <p><b>Қағида</b> 8. Су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминалогиялық сипаттамасы жасалды, яғни су ресурстарындағы қылмыстылықтың жалпы әлеуметтік алдын алу, арнайы-криминагенді шаралар, сондай-ақ ауыз су саласындағы қылмыстылықтың алдын алу шараларының тізімі берілді.</p> <p>7.1 Қағидам дәлелденген.</p> <p>7.2 жоқ.</p> <p>7.3 жаңа.</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 мақалаларда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>Әдістемені тандау диссертациялық зерттеудің кіріспесінде негізделген және толық әрі нақты сипатталған. Диссертацияда қолданылатын зерттеу әдістері ғылымда заманауи және жалпы қабылданған. Диссертациялық зерттеу барысында алға қойылған міндеттерді</p>

		<p>шешу және қойылған мақсатқа жету үшін жалпы диалектикалық әдістермен бірге зерттеудің тарихи, салыстырмалы-құқықтық, жүйелі-құрылымдық, формальды-логикалық, статистикалық және басқа да жаңа ғылыми және ішінара ғылыми әдістерінің кешені пайдаланылған, олардың арқайсысы тақырыпты объективті және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берген.</p> <p>Иә</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><a href="https://adilet.zan.kz/kaz">https://adilet.zan.kz/kaz</a> - Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесі;  <a href="https://online.zakon.kz/">https://online.zakon.kz/</a> - Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.</p> <p>жоқ</p>
<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иә</u>;  2) жоқ</p>		
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәйрлеу бағыттары үшін</p>	



	<p>нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	
	<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Манызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады. Әдебиеттер тізімінде 180 дереккөз бар, оларға диссертация мазмұнында автормен сілтемелер жасалған.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында диссертант 180 дереккөзді пайдаланып, олар толық әдеби шолу үшін жеткілікті, өйткені диссертация тақырыбы бойынша іргелі ғылыми еңбектер зерттелген. Әдеби шолуда диссертациялық зерттеу проблемасына қатысты кейбір авторлардың көзқарастарын салыстыру ұсынылған; су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы проблемалық мәселелер бойынша манызды жарияланымдарды (монографиялық және мерзімді басылымдарда) тізімдей отырып, іргелі жұмыстарға егжей-тегжейлі талдау жасалған.</p>
<p>9. Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық манызы бар:</p>	<p>Сабыр Айсулудың диссертациялық зерттеуі теориялық манызға ие болып</p>

	<p>1) ия; 2) жок</p>	<p>табылды. Диссертациялык зерттеу барысында алынган ғылыми нәтижелер мен қорытындыларды су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу проблемаларына қатысты болашақта жүргізілуі мүмкін ғылыми ізденістерде, қылмыстық құқық, су құқығы және т.б. оқу курстары бойынша оқу-әдістемелік нұсқаулар дайындаған кезде, сондай-ақ дәрістерге, семинар сабақтарына дайындалған кезде пайдалануға болады.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок</p>	<p>Сондай-ақ Сабыр Айсұлудың диссертациялық зерттеуі практикалық маңызға да ие. Зерттеу нәтижесіне автормен алынған ғылыми нәтижелерді заң шығармашылығы қызметінде пайдалануға болады, атап айтқанда қолданыстағы қылмыстық, су, экологиялық заңнамалардың сәйкес ережелерін жетілдіруге, сондай-ақ ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Normativтік қаулысының сәйкес ережелерін жетілдіруге пайдалануға болады. Сонымен бірге су ресурстарын пайдаланумен байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған әртүрлі денгейдегі</p>

		9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) <u>толығымен жана</u> ; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жана болып табылады, ол кен ауқымда ғылыми әдебиеттерді, нормативтік құқықтық актілерді, статистикалық мәліметтерді талдаумен расталады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу жұмысының тілі жатық әрі түсінікті, көптеген заң терминдерінің, арнайы терминдердің қазақшасы өте орынды түрде қолданылған.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келеді. Сабыр Айсұлу Сабырқызының «БД030100-Құқықтану» мамандығы бойынша «Отандық су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері» атты диссертациясы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Репензент:  
ҚР Конституциялық Сотының судьясы,  
заң ғылымдарының докторы, доцент



Жатқанбаева А.Е.